

Шетелде рухани білім алу кезіндегі деструктивті идеологияның әсер ету қауіптері және елде рухани білім алудың мүмкіндігі



Еліміз өз алдына дербес мемлекет болып, тәуелсіздік алғаннан кейін экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайдан гөрі, ішкі рухани қажеттіліктерге деген сұраныс адамдардың бойынан орын ала бастады. Психологиялық тұрғыдан адамдар арасындағы әлеуметтік дәрменсіздік пен негативті эмоциялардан арылудың жолын іздеудің нәтижесінде деструктивті діни ағымдардың жолына түсуге септігін тигізді. Бұл деструктивті діни ағымдардың діни канондарын саясиландырудағы сәтті кезеңі болып табылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары көпконфессионалды Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде орныққаннан кейін қоғамда радикалды ағымдардың таралуы «қазақстандық бірегейлік» принциптерін шайып кету қаупін туғызды. Осы орайда бұл үрдіске қарсы тұру үшін мемлекет зайырлы қағидаттарды нығайтуға бағытталған дін саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттау және деструктивті діни ағымдардың әсерін шектеу бойынша кең ауқымды шаралар кешенін жүргізу міндетін жолға қойды.

Деструктивті діни ағымдардың таралуы діни бірлестіктер қызметінің еркіндігі, шетелдік миссионерлердің елге кедергісіз келуі, халықтың діни сауаттылығының төмендігі, қазақстандық азаматтардың шетелде бақылаусыз діни білім алуы сияқты факторлар халық арасында радикалды идеологияның енуіне қолайлы жағдай туғызған негізгі себептер болды.

Осыған байланысты мемлекет басшылығы деструктивті идеологиялардың таралуына қарсы әрекет ету бойынша шаралар қабылдай бастады. Діни білім беру мекемелері мен бірлестіктеріне бақылау күшейтіліп, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресу саласында заңнамалық базаны қалыптастырды.

2011 және 2012 жж. Атырау, Ақтөбе, Тараз қалаларында және Алматы облысында (жалпы алғанда 14 теракт ұйымдастырылып, нәтижесінде 70 адам қайтыс болды, оның ішінде 51 лаңкес, 13 күштік құрылым өкілдері және 6 азамат), сондай-ақ 2016 жылы Ақтөбе (17 адамның өмірі қиылып, Қазақстандағы ең ірі лаңкестік оқиға болды) мен Алматыда орын алған террористік актілерді ескере отырып, еліміздің антитеррористік құрылымдарының қызметіне сәйкесті өзгертулер енгізілді. Сол сияқты, терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша кейбір заңдарға өзгерістер енгізілді. Нақтырақ айтқанда, терроризмге қарсы іс-қимыл қызметтерінің негіздері қайта қарастырылды. Қарулы құрылымдардан өзге, терроризмнің салдарын азайтуда терроризмнің алдын алу маңызды басымдылық ретінде айқындалды. Сонымен қатар, саяси-экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, тәрбиелік, насихаттық және мемлекеттік органдар тарапынан жүзеге асырылатын өзге де шараларды жандандыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

2013 жылдың қыркүйегінде «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Аталған мемлекеттік бағдарлама діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін, соның ішінде, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру шараларын қамтыды. Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл Қазақстанның ұлттық және рухани қауіпсіздігін сақтаудағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып табылады. Осыған байланысты, экстремизм мен терроризмнің барлық түрлеріне қарсы іс-қимылға қатысты ауқымды жұмыстар жүргізеді.



Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресу шараларын жүзеге асыруда өңірлердегі дін істері басқармаларының атқаратын қызметі ерекше. Олардың басты міндеттері келесілер болып табылады:

– жергілікті жерлердегі діни ахуалға тиімді талдау жүргізу, соның ішінде, діни ахуалға қатысты болжамдар жасау мен оны жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

– экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша мақсатты ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру;

– жергілікті деңгейдегі дін саласындағы мемлекеттік саясаттың барлық мәселелер кешенін әдістемелік және әдіснамалық тұрғыдан қолдау.




Жат ағым – жастардың жауы. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» дегендей, жастардың әдепкіде оң көрінген бұл қадамының адасуға бастайтыны айқын. Қазіргі уақытта қазақстандық жастардың белгілі бір бөлігінің арасында діни білім алу үшін шетелдік теологиялық рухани оқу орындарына түсу қажет деген пікір бар. Алайда, олардың көбі шетелде теологиялық білім алудың үлкен қаупі бар екенін ескере бермейді.


Жастарымыз көпқырлы мамандық игеру үшін бүгінде араб елдері мен Түркия, Пәкістан және тағы басқа мемлекеттерден діни білім алып келуде. Араб мемлекеттері мен Таяу Шығыс, Азияның кейбір елдерінде жағдай мезгіл сайын тез өзгеріске түсіп отырады және көп жағдайда діни фактор басымдыққа ие. Өкінішке қарай, кейбір мемлекеттерде, атап айтқанда, Таяу Шығыс елдерінде соңғы жылдардағы әртүрлі діни ағымдардың белсенділігінің артуымен, дінаралық қақтығыстардың белең алуымен және экстремистік, сондай-ақ, террористік ұйымдардың ашық наразылыққа шығуымен қоғамдық-саяси және діни ахуал күрт күрделеніп кетті. Бұған қоса, қазіргі күнде әртүрлі жалған және деструктивті ұйымдардың қызметі ашық жүргізіліп, олар басқа елдерден білім алу мақсатымен келген шетел азаматтары арқылы өз қатарларын толықтыруды көздейді. Сондықтан, ел азаматтары өздерінің болашақ білім алатын елін таңдау барысында сол мемлекеттің қоғамдық-саяси және діни ахуалы туралы ой түйіп, оның тарихын, мәдениетін, діні мен ділін біліп алғаны жөн. Өкінішке қарай, көптеген ата-ана шетелдерде білім алудың кейбір тұстарына мұқият назар аудармастан, өз балаларының басқа елдерде оқуын қуана құптайды. Олар балалары білім алғысы келген елдің ыңғайына бейімделуі үшін уақыт керек екенін, басқа мәдениет пен өзге менталитеттегі адамдармен қатар өмір сүріп, араласатынын білулері тиіс.

Қиындықтардың басқа да жағы жоқ емес. Шетелге білім алуға кеткен жастарымыз бес немесе одан да көп жыл өткен соң Қазақстанға қайта оралуы кезінде күтпеген жағдайларға жолығуы мүмкін. Елге қайтқан жастар мұндағы қоғамға қайта үйренісуі қажет, бәсекеге қабілетті жұмыс тауып, туған топырақтың игілігі үшін өзгелермен қатар қызмет етуі керек. Аталған жағдайдың бәрінде де ата-ана көмегінің маңызы орасан. Әсіресе, шетелге шығу кезінде қазақстандық жастар тап болуы ықтимал төмендегідей қауіп-қатерлерге ерекше тоқталғанды дұрыс деп есептейміз.

Біріншіден, сол білім алуға барған елде немесе оқу ордасында жат діннің ықпалына түсу қаупі. Әдетте, адам мұндай келеңсіздіктерге аты беймәлім ұйымдар, бауырластық, достық атын жамылған түрлі діни қауымдастықтар тарапынан қаржылай көмек алатын түрлі шет тілдерін үйрету орталықтарына қатысу, мемлекет бақылауынан тыс ғибадат ету орындарын аралау, белгісіз дін лидерлерінің жеке сабақтары мен дәрістерін тыңдау кезінде тап болуы мүмкін.



Екіншіден, балаңыз шетелде діни білім алатын болса, онда ата-ана баласының қандай діни мекемеде немесе діни орталықта оқып жатқанын білуі керек. Мүмкіндігінше жиі бақылауда ұстап, балаларының ресми медреселер мен жоғары оқу орындары қабырғасында оқып жатқанын анықтағаны жөн. Сондай-ақ, белгісіз «хұжыралар» мен «марказдарға» (діни орталықтар) байқамай түсіп кетпеуін де жіті қадағалап отырғаны абзал. Балалардың бос уақытын қалай және кіммен өткізетіні аса маңызды.



Үшіншіден, ата-аналар мен жастар шетелдің кейбір діни ұйымдары аттарын әртүрлі зайырлы немесе ресми атаулармен жасыратынын білулері керек. Мысалға, ағылшын немесе араб тілдерін, бизнес жүргізу негіздерін тегін үйрету курстары, өзін-өзі дамыту, танымал психология, шешендік өнер курстарының артында шетелдік азаматтарды арбаумен айналысатын деструктивті ұйымдар тұруы мүмкін. Барлық аталған факторлар деструктивті, соның ішінде діни идеялар мен көзқарастардың елімізге енуі мен таралу қаупін тудыратынын естен шығармаған жөн. Олар діндарларымыздың арасында ой мен көзқарас қақтығыстарының, қоғамымыздың азаматтық, әлеуметтік-экономикалық және моральдық-этикалық өмір сүру аяларында теріс қоғамдық көзқарастың туындап, дамуына әсер етуі ықтимал.

Мұның бәрі, әрине, бізді қатты толғандырады, әрі шетелдегі азаматтарымыздың қауіпсіздік шараларын терең зерттеуге мәжбүрлейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабына сәйкес, мемлекетіміз өз азаматтарының қорғанысы мен қамқорлығын ел шекарасынан тыс жерлерде де қамтамасыз ететіні белгілі. Сондықтан, еліміздің мемлекеттік органдары қазақстандықтарды шет мемлекеттердегі түрлі даулы жағдайларға немесе жат діннің идеологиялық арбауына түсу жолдарынан шеттетуге бар күш-жігерін жұмсап отыр.

Алайда, мұндай жағдайлардың алдын алуда ата-аналар мен студенттердің рөлі ерекше екенін тағы да атап өту керек. Еліміздің жастары қазіргі таңда діни білімді отандық діни оқу орындарында алғаны маңызды. Ата-аналар мен студенттер сапалы діни білім алу үшін Қазақстанның да мүмкіндіктері жоғары екенін білулері керек. Бүгінгі күні Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты бір Ислам университеті мен тоғыз медресе жұмыс істейді. елімізде медресе-колледждер, университеттер ашылып, осы бағытта білім беріп жатыр. Айталық, «дінтану», «теология», «исламтану» мамандықтары бойынша Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында жоғарғы оқу орындарында білім берілуде. Оқытушы-профессор құрамы да жеткілікті, біліктілігі де жоғары. Сондықтан еліміздегі діни оқу орындар шетелдегі діни оқу орындарынан кем емес деп айта аламыз.

Әрине, ғылым жолын елімізден бастап магистратура, докторантураны шетелде жалғастырамын деушілерге тосқауыл жоқ. Ол бойынша заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, бакалавр, яғни білім берудің бастапқы сатысы міндетті түрде еліміздегі отандық діни білім беру стандарттары арқылы беріліп, содан кейін барып арнайы белгіленген шетелдік жоғары оқу орындарында магистратура немесе докторантура бағдарламаларымен білімдерін жалғастыра алады.

Діни деструктивті ағымдар идеологиясының негізі – экстремизм, ол қоғам көзқарасы тұрғысынан жекелеген әлеуметтік топтар – таптардың, этникалық топтардың, қозғалыстардың, бірлестіктердің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған экстремалды көзқарастар мен әрекеттер жүйесін білдіреді. Экстремизмнің тән белгісі – күрестің негізгі әдісі ретінде зорлық-зомбылықты әртүрлі нысандарда заңсыз пайдалану. Әдетте, экстремизмнің өсуіне әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, халықтың негізгі бөлігінің өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі және басқалар ықпал етеді.

Экстремизм қатерлі ісік секілді, егер алдын алмаса, уақыт өте келе ол өсіп, терең тамыр алады, сондықтан халықтың діни сауаттылығы өте маңызды. Ал діни сауаттылық – оқыту, ағарту және әдебиет арқылы білім алу. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев қара сөзінде: «Адам – өз заманының баласы. Егер ол жаман болса, оның замандастары да кінәлі», – деп айтқан болатын.

Деструктивті діни идеологияның таралуына жол бермеу бойынша алдын алу жұмыстарының негізгі міндеттерінің бірі – қоғамда толерантты дүниетаным негіздерін қалыптастыру болып табылады. Түрлі экстремистік ағымдардың ықпалына түспес үшін адамдармен жұмыс істеудің ең тиімді әдісі – бұл халық арасында сауатты және салмақты ақпараттық-түсіндіру саясаты.

Әрине, бұл бағытта этномәдени орталықтар, үкіметтік емес және жастар ұйымдары өкілдерінің, түрлі салалардағы беделді азаматтардың діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы белсенді қызметін әлеуетті пайдалану қажет. Қоғам өкілдері экстремизм мен терроризмнің әртүрлі түрлерінің көріністеріне төзіп қана қоймай, кез келген деструктивті көріністерге өздерінің ұнамсыздығын ашық білдіргені маңызды.

Атап айтқанда, жастардың деструктивті діни-экстремистік ұйымдар мен топтардың шынайы міндеттерін, олардың ең басты қауіп-қатерлерін түсінуіне қол жеткізу қажет. Әрине, деструктивті күштердің жастардың жас ерекшеліктерін пайдалануын болдырмау үшін жастар проблемаларын шешу, жас ұрпақ арасында қылмыстың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің алдын алу және жолын кесу бойынша пәрменді шаралар қабылдау қажет.

Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризм идеологтары дінді пайдаланып, діни риториканың ерекше құралдарымен қаруланып, халқымыздың белгілі бір топтарының санасына деструктивті әсер ете алды деп айтуға болады. Мысалы, «Хизб-ут-Тахрир», «Орталық Азия можахидтерінің жамағаты», «Джунд әл-Халифат», «Таблиғи жамағат» сияқты экстремистік және террористік ұйымдардың негізінен жастар өкілдерінен тұратындығы бізді алаңдатады.

Қазіргі кезеңде мемлекет сапалы білімге қол жеткізу, тәрбиелеу, жастардың денсаулығын сақтау және жұмысқа орналастыру, өскелең ұрпақтың бойында азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыру үшін жағдай жасау тұрғысынан мемлекет пен қоғамның жастарға қажетті әлеуметтік-экономикалық және моральдық қолдау көрсетуін қамтамасыз етуге бағытталған белсенді жастар саясатын іске асырып жатқанын атап өткен жөн. Ақпараттық технологиялардың дамуы ғаламдық және шын мәнінде шексіз Интернет арқылы жастардың экстремистік және террористік ұйымдардың радикалды идеяларына ұшырау қаупін арттырады. Бүгінгі таңда қазіргі адамдар үшін «танымның» негізгі көзі – радикалдар өз қатарына жаңа мүшелерді тарту үшін шебер қолданатын Интернет.



Қайсыбір жылдары шетелге діни білім алуға кеткен жастар білім мен сол елдің әдет-ғұрыптарын ажырата алмай, діни ілім іздену әрекеттерінде іс жүзінде өздерінің діни ұстанымы негіздері мен қағида ұстыны, заңдық үкім, ережелерін білмегендіктен шалыс басып, діннің таза бастауларынан көз жазған. Соның салдарынан емес пе, кейбіреулер өздерінің ата-бабасына жат діни ағымдарға ден қойып. Ислам дінінің ілімі туралы сауатсыздығының салдарынан «дәнді қауыздан айыра алмай» қалған жағдайды бастан кешірдік. Сондықтан қазіргі жастар сол жылдарда жасалған қателіктерге ұрынбай, діни білімнің ірге- тасын елімізде қалап, ары қарай заңның шеңберінде шетелде ғылыми ізденістерін жалғастырып, дінді ғылыми тұрғыдан ой елегінен өткізе алатын, дін мен шарифат, зайырлылық пен дін, діни тәжірибе мен діни сана аражігін ажырата алатын діннің нағыз мамандары, ғалымдары болса, елдің рухани болашағына өз үлесін қоса алады.

Этносаралық және дінаралық келісім кез келген қоғам тұрақтылығының маңызды элементтері болып табылады. Соңғы уақытта әлем көптеген этникалық және діни қақтығыстардың куәсі болды. Сондықтан этникалық және діни салалардағы келісім мен төзімділік немесе толеранттылық біздің еліміздің өте құнды қазынасы болып табылады.